

Халықаралық ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАР



Дайындағандар: **Раева Альбина**
Оралбек Аружан
Өмірбаев Нұртөре
Молдахметова Ақсүйсін
Рамазан Лаура

Жоспары:

1.Экология туралы жалпы түсінік

2.Қазақстанның экологиялық
проблемалары

3.Халықаралық экологиялық ұйымдар



Экология – тірі организмдердің өзара қарым-қатынасын және олардың сыртқы орта жағдайларымен байланысын зерттейтін ғылым.

Экология – гректің “oikos”- үй, мекен жай және “logos”- ілім деген сөздерден алынған және ол терминді 1866 жылы неміс ғалымы Э.Геккель ғылымға алғаш рет енгізеді.

Экология – жаратылыстану және қоғамтану ғылымдарын бір-бірімен байланыстыратын кешенді ғылым.




[www.ZHARAR.](http://www.ZHARAR.com)

com

Экологияның зерттеу әдістері


- **Жүйелік тұрғыдан қарастыру** –тірі табиғаттың барлық элементтері өзара байланыста болғандықтан, жүйе немесе жүйенің бөлігі болып табылғандықтан көптеген экологиялық зерттеулерде қолданылады. Әр түрлі экологиялық әдістерді қолдануды талап етеді.
- **Ортаның жағдайын бақылау** –бұларға метеорологиялық бақылау, температураны өлшеу, судың химиялық құрамын, тұздылығын, мөлдірлігін, топырақ ортасының сипатын анықтау, радиациялық фонды өлшеу, ортаның химиялық және бактериалдық ластануын анықтау т.б. жатады. Қазіргі кезде осылардың ішінде практикалық маңыздылығы жағынан *мониторингке* ерекше көңіл бөлінуде. Мониторингінің мақсаты –бақылау, баға беру және болжам жасау.
- **Эксперимент және модельдеу** –Зерттеулер эксперименттік әдістемелердің көмегімен бірлестіктер мен экожүйелерде жүргізіледі. Экологияда статистикалық математика, математикалық логика, сандар теориясы, матрицалық алгебрамен байланысты ақпараттар мен кибернетика теориясының әдістері қолданылады. Соңғы кезде биологиялық жүйелерді модельдеу кеңінен қолдануда. Зерттеулердің міндеттеріне байланысты әр түрлі модельдер қолданылады (шынайы нақты модельдер, таңбалы модель, концептуалды және математикалық модельдер).



Экология ғылымының қазіргі басты стратегиялық міндеті

Экология ғылымының қазіргі басты стратегиялық міндеті — биосфераның құрамды бөлігі ретінде адамзат қоғамының табиғатпен өзара қарым-қатынасының үйлесімділігін сақтауға негізделген ғылыми теорияларды дамыту. Тіршілік өрісінің маңызды қыры климат және топография секілді факторлармен қатар шектеулі аумақ немесе басқа ресурстар үшін бәсеке күресіне түсе алатын басқа түрлердің болуы. Сонымен бірге экологияның кезек күттірмейтін іргелі міндеттері мыналар:

- а) табиғат байлықтарының қорын азайтпай-ақ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ә) өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірістерінің экологиялық негіздерін жетілдіре түсу;
- б) экологиялық мәселелерді шешуде әлеуметтік және экономикалық механизмдердің тиімді жолдарын жасап шығару;
- в) табиғатты пайдалануды басқарудың ұйымдастыру-құқықтық мәселелерін дұрыс шешу;
- г) әлеуметтік-экологиялық болжаулардың әдістерін дамыта түсу.




Қазақстанның экологиялық проблемалары

Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігі проблемалары және қоршаған ортасының жағдайына ғаламдық, ұлттық, жергілікті деңгейде қаралуын қарастырады.

Ғаламдық экологиялық проблемаларға климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биоәртүрліліктің азаюы, шөлейттекну және жердің құлдырауы жатады.

Ұлттық экологиялық проблемаларға экологиялық апатты аймақтар: Каспий теңізі қайраны ресурстарын белсенді игерумен байланысты проблемалар; тарихи ластану; трансшекаралық мәселелер; әскери ғарыштық және тәжірибелік кешендер полигондарының әсерін жатқызуға болады.

Жергілікті экологиялық проблемаларға ауа бассейнінің ластануы, радиоактивті, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтары, табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жатқызуға болады.



[www.ZHARAR.](http://www.ZHARAR.com)

com

Каспий теңізінің экологиялық проблемасы. Каспий теңізінің алып жатқан географиялық орнына байланысты еліміздің шаруашылық саласында атқаратын маңызы өте зор. Сонымен қатар сол маңдағы шөлді алапқа ылғал әкелуші су айдыны ретінде де үлкен рөлі бар.

Соңғы жылдары бұл аймақ мұнай мен газды өндірудің маңызды экономикалық ауданына айналды. Теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты бұл аймақ табиғи апат жағдайына ұшырады. Табиғи қорларын игеруде де, бұл аудандағы табиғат компоненттерінің өзгеруіне байланысты мынандай проблемалар туындауда:

- ✓ экологиялық апатты аймаққа жататындықтан, негізгі әрекет етуші Капустин Яр, Азғыр полигонының ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуіне байланысты тұрғын халықтардың денсаулығының күрт нашарлауы;
- ✓ мұнай мен газдың өндірілуіне байланысты тіршілік дүниесінің өзгеруі, балықтардың қырылуы, уылдырық шашатын көксерке балықтарының кеміп кетуі;
- ✓ осы теңізге ғана тән итбалықтың мезгіл- мезгіл қырылуы.
- ✓ Аңызак жерлердің шаруашылыққа тигізетін кері әсері (жел эрозиясы).



Аралдың экологиялық проблемасы. Бұл проблеманың тууына себепші болған – адам әрекеті. Ұзақ жылдар бойы Аралға құятын ірі Әмудария мен Сырдарияның суын теңізге жеткізбей, түгелдей дерлік егістіктерді суландыруға пайдаланып келеді. Буланушылық дәрежесі жоғары болатын шөл зонасында орналасқан теңіз суының көбірек булануы оның тартылуына әкеп соқты.

Аралды қалпына келтіру үшін көптеген іс – шаралар қаралып, жобалар жасалды. Кіші аралдың оңтүстігінде ұзындығы 12 км болатын Көкарал бөгені салында. Соның салдарынан Кіші Аралдың деңгейі 42 м-ге, аумағы 800 км²-ге ұлғайды. Суы тартылып қалған тұзды көлдің табанын жауып, көлге тіршіліктің нышаны енді. Ғалымдардың айтуынша Аралдан ұшқан тұзды дауылдың бір ұшы Гренландия мұздықтары мен Норвегияның орманды алқабына дәлелдеген еді. Бүгінгі күні Солтүстік Арал маңына халықтар қайта қоныстанып, үй салып, балық шаруашылығымен қайта айналыса бастады.




Балқаш проблемасы. Балқаш көлі алабынад да күрделі экологиялық жағдай қалыптасып отыр. 1970 жылы Балқашқа құятын Іле өзенінде Қапшағай бөгені мен су электр станциясының салынуы Іле – Балқаш су шаруашылығы кешенінде бетбұрыс кезең болды. Іле өзенінің гидрологиялық режимі өзгеріп, жалпы Іле- Балқаш алабындағы экологиялық жағдай өзгере бастады. Қапшағай су торабын жобалану кезінде Іле өзенінің атырауындағы табиғат кешенінің жағдайы өзгере бастады. Қапшағай су торабын жобалау кезінде Іле өзенінің атырауындағы табиғат кешенінің жағдайы ескерілмеді. Соның нәтижесінде онда тіршілік ететін жануар дүниесіне және ауыл шаруашылығына көп зиян келеді. Ақдала алқабын суландырып, күріш егу жобасы да толық жүзеге аспай қалды. Қырыуар қаржы текке жұмсалды. Іле өзенінің атырауы кеуіп, оның кері әсері Балқаш көліне тиді. Сонымен қатар алаптағы өзгерістер Балқаш маңы аймағының климат жағдайларына да әсерін тигізеді. Су айдынының тәуліктік температураны, ауа ылғалдылығын реттеуші ретіндегі әсері өз күшін жояды. Ғалымдардың болжауынша, Балқаштың тартылуы Батыс Сібір мен Қазақстандағы географиялық зоналардың шекараларын өзгертуі мүмкін.



Үлкен қалалар мен өндіріс орталықтарында қоршаған ортаның ластануы. Ауаға шығатынулы заттардың концентрациясы белгіленген мөлшерден он есе артық. Ең ауыр жағдай Тараз, Теміртау, Алматы, Шымкент, Балқаш, Риддер, Өскемен және басқа да қалаларда қалыптасқан. Осы қалаларда лас заттардың концентрациясы жыл бойынша белгіленген мөлшерден 5-10 есе артады. Ауа кеңістігінің ластануы пайдалы қазбалар өндіретін аудандарда да байқалады. Атмосфераның ластануы Байқоңыр космодромында ғарыш кемелерін ұшыру кезінде де байқалады. Өнеркәсіпті аудандарда ауа кеңістігінің ластануымен қатар ластану сол жердегі су көздерін қамтиды. Сырдария өзені ағысының 35-40 %-ы өндіріс орындарының қалдық суларынан тұрады. Өзен суында дизентерия, паратиф, гепатит, сүзек ауруы қоздырғыштары мен өте қатерлі гексахлоран ДДТ кездеседі.

Республика көлемінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жұмыстар жоспарлы түрде іске асуда. Олар: жер қойнауын тиімді пайдалану (минералды шикізаттарды кешенді пайдалану, игерілген жерді рекультивациялау және көгалдандыру).



Халықаралық экологиялық ұйымдар

Бүгінгі таңда халықаралық қатнастарда халықаралық ұйымдардың алатын орны өте үлкен әрі маңызды болып табылады. Оның себебі осы ұйымдар арқылы көптеген қоршаған ортаны қорғауға байланысты мәселелер төңірегіндегі даулы жағдайлар бейбіт жолмен шешуге қол жеткізіледі. Ол әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өте жоғары қарқын дамып қазіргі кезде әлемде көптеген халықаралық ұйымдар қызмет істеуде. Халықаралық экологиялық байланыс кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының әсіресе оның мамандандырылған бөлімдерінің ролі жоғары болып табылады. Адамды қоршаған табиғи ортаны қорғау осы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысынан шығады.


Халықаралық ұйым дегеніміз – халықаралық шартқа байланысты құрылған, бір мақсатқа жету үшін тұрақты органдары бар, мүше мемлекеттердің мүддесін көздейтін мемлекеттердің бірлестігі болып табылады.

Халықаралық ұйымдарды қарастыратын өкілеттігіне байланысты былай жіктеуге болады:

Тек қоршаған орта мәселесімен айналысатын ұйымдар; Табиғаттың жекеленген объектілерімен айналысатын ұйымдар (жер, су, космос, атмосфералық ауа және т.б.)

Функционалды атқаратын қызметіне байланысты ұйымдар: ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-ақпараттық, құқықшығармашылық-консультативтік және тағы басқа.

Пәндік жіктеуден басқа халықаралық ұйымдар құқықтық статусына және өкілеттігінің қолдану аумағына байланысты бөлінеді. Қолдану аумағына байланысты: глобальді және региональді болып бөлінеді.



Экологиялық ұйымдар

ВВФ

Гринпис
(«Жасыл әлем»)

«Робин Вуд»

ФАО

ВОЗ

МСОП

ВФОП



ВВФ - ғаламшар тоғайларын қорғаудың халықаралық интернационалды жастар қоры; Даниядағы жастардың «жасылдар қозғалысы» - Некст стол .



Гринпис («Жасыл әлем») - Бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымы. 1970 жылы құрылған. 17 мемлекетте топтары бар, 2,5 млн адам мүше.



**«Робин Вуд» - германиялық
жастардың «қышқыл
жаңбырларға» қарсы күрес жүргізетін
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ.**



ФАО - Біріккен Ұлттар Ұйымының ауыл шаруашылық және азық-түлік проблемаларымен айналысатын органы. Өзінің тікелей міндетінен басқа жануарлар дүниесі мен ормандарды қорғау ісімен және қоғамдық табиғатты қорғау ұйымдары мен ұлттық парктардың қызметкерлерінің білімі мәселесімен айналысады.



ВОЗ - Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Ғаламшардағы адамдардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәселесімен және медициналық қызметкерлердің білімімен айналысады.



**МСОП - Халықаралық
табиғатты қорғау және табиғат
ресурстары ұйымы.**



ВФОП - Бүкіл дүниежүзілік табиғатты қорғау қоры. Дүниежүзілік фауна мен экожүйені сақтау проблемасымен айналысады; халықаралық жастар курсы, лагерьлер мен табиғат қорғау клубтарын және т. б. шараларды ұйымдастырады.



«Кім тапқыр?» ойыны



Экология

10

20

30

40

Қазақстанның
экологиялық
проблемалары

10

20

30

40

Халықаралық
экологиялық ұйымдар

10

20

30

40





Экология ғылымы қай жылы енгізілді?

1866

ЖЫЛЫ





Экология дегеніміз не?

тірі организмдердің өзара қарым-қатынасын және олардың сыртқы орта жағдайларымен байланысын зерттейтін ҒЫЛЫМ.





**ЭКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫН
ЕНГІЗГЕН ҒАЛЫМДЫ АТАҢЫЗ?**

Э.

Геккель





Экологияның кезек күттірмейтін міндеттерін атап беріңіз.

- а) табиғат байлықтарының қорын азайтпай-ақ экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ә) өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірістерінің экологиялық негіздерін жетілдіре түсу;
- б) экологиялық мәселелерді шешуде әлеуметтік және экономикалық механизмдердің тиімді жолдарын жасап шығару;
- в) табиғатты пайдалануды басқарудың ұйымдастыру-құқықтық мәселелерін дұрыс шешу;
- г) әлеуметтік-экологиялық болжаулардың әдістерін дамыта түсу.





ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ проблемаларға қандай апаттық жағдайларды жатқызуға болады

Каспий теңізі қайраңы ресурстарын белсенді игерумен байланысты проблемалар; тарихи ластану; трансшекаралық мәселелер; әскери ғарыштық және тәжірибелік кешендер полигондарының әсерін жатқызуға болады.





ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ проблемаларға қандай апаттық жағдайларды жатқызуға болады

Каспий теңізі қайраңы ресурстарын белсенді игерумен байланысты проблемалар; тарихи ластану; трансшекаралық мәселелер; әскери ғарыштық және тәжірибелік кешендер полигондарының әсерін жатқызуға болады.



